

СТАНЦИЯ ДОСТЫК — ЭТО ТОЧКА РОСТА НЕ ТОЛЬКО В КАЗАХСТАНЕ, НО И НА ВСЕМ ПРОСТРАНСТВЕ ЕАЭС. НЕ МНОГИЕ ВЕРИЛИ В ПРОМЫШЛЕННОЕ КОЛИЧЕСТВО ПОЕЗДОВ НА ЭТОМ УЗЛЕ, НО СЕГОДНЯ МЫ ОТКРЫВАЕМ ВТОРУЮ ОЧЕРЕДЬ DOSTYK TRANS TERMINAL, И РАБОТНИКИ ТЕРМИНАЛА УЖЕ ПОКАЗЫВАЮТ, ГДЕ БУДУТ ТРЕТЬЯ И ЧЕТВЕРТАЯ.

Алексей ГРОМ,
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»



№39 (2754)
27/05/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПЕРЕВОЗКИ БЕЗ БУМАГ

Перспективы использования электронной накладной при международных контейнерных перевозках обсудили на XI заседании совместной рабочей группы по стратегическому сотрудничеству АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ОАО «Российские железные дороги» в Алматы.



Роман ЛЮБИМОВ,
Нұр-Сұлтан

В мероприятии приняли участие заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов и первый заместитель генерального директора ОАО «РЖД» Сергей Павлов.

Стороны рассмотрели вопросы перевозки грузов и вагонов по безбумажной технологии, а также использования электронной накладной при международных контейнер-

ных перевозках. Они сообщили, что для увеличения безбумажных перевозок в настоящее время ведется доработка программных средств и автоматизированных систем железнодорожных административных систем Казахстана и России.

Кроме того, участники заседания обсудили отправку пилотных агроэкспрессов по логистическому коридору Россия – Казахстан – Узбекистан. А по итогам встречи подписали протокол.



Следующее заседание совместной рабочей группы АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД» по стратегическому сотрудничеству планируется провести в конце 2022 года в России.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖҮК ӨНДЕУ КӨЛЕМІ АРТТЫ



Үстіміздегі жылдың басынан бері Құрық порты паром кешені арқылы жүк өндеу көлемі айтарлықтай өскен. Өткен төрт ай ішінде 154 кеме – 491 387 тонна жүк өңделген.

Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 90 % артық. Негізінен, Құрық порты арқылы Қазақстаннан мұнай өнімдері, тыңайтқыштар, металл химикаттары, халық тұтынатын тауарлар экспортталады. Ал импорттық тауарлар қатарында азық-түлік, өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, тоқыма, электроника, құрылыс материалдары және басқа да тауарлар бар.

Еске сала кетсек, порттың қазіргі инфрақұрылымы төрт паромға бір уақытта қызмет көрсететін теміржол және автомобиль аймақтарымен бөлінген. Теміржол аймақтарының өткізу қабілеті жылына 4,1 млн тоннаны құрайды. Бір деңгейлі паромды өңдеудің толық циклінің орташа уақыты 6-8 сағатты, ал екі деңгейлі паромды өңдеудің орташа уақыты 10-12 сағатты құрайды, бұл порт жұмысшыларына тәулігіне 5-8 паромға дейін өндеуге мүмкіндік береді. Жалпы порт паромдарына 54 вагонға дейін сыяды.

Бүгінде Құрық порты Транскаспий халықаралық көлік жабады тізбегінде жетекші орын алады.

Ислам ТАЛІФАТ

Серік КЕУЛІМЖАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат
басшысы:



КОНСТИТУЦИОНАЛЫҚ ЖАНА РЕДАКЦИЯСЫНДА ЖЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЙНАУЫ, СУ КӨЗДЕРІ, ӨСІМДІКТЕР МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ, БАСҚА ДА ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ ДЕГЕН НОРМА БЕКІТІЛГЕН. МЕМЛЕКЕТ ХАЛЫҚ АТЫНАН МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. БУДАН БАСҚА, ҚҰЖАТ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАНА ТАЛАПТАРМЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ. ПАРЛАМЕНТ ПЕН МӘСЛИХАТТАРДЫҢ РӨЛІН КҮШЕЙТЕДІ. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ НЫҒАЙТАЛАЙ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2022 ГОДУ МАРШРУТЫ ДВУХ МЕДИЦИНСКИХ ПОЕЗДОВ ОХВАТЫАТ

147

СТАНЦИЙ ОТДАЛЕННЫХ РАЙОНОВ
ПО ВСЕМУ КАЗАХСТАНУ

С НАЧАЛА ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ
ПРОВЕЛИ СВЫШЕ

2,3 тыс.

СОБРАНИЙ ПО ВОПРОСАМ ПРОФИЛАКТИКИ
НЕПРОИЗВОДСТВЕННОГО ТРАВМАТИЗМА
НА ОБЪЕКТАХ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

С 2010-ГО ПО 2021 ГОД АО «ПАССАЖИРСКИЕ
ПЕРЕВОЗКИ» ПРИОБРЕЛО СВЫШЕ

1 100

ВАГОНОВ

Көкейкесті

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ҚАЙТАЛАНА БЕРЕ МЕ?

«Самұрық-Қазына» АҚ алаңында өткен брифинг теміржол нысандарында азаматтардың өндірістік емес жарақаттануының алдын алу мәселелеріне арналды. Үстіміздегі жылдың төрт айында жылжымалы құрамның адам қағу жағдайларының 25 дерегі тіркелген. Салдарынан 13 адам қаза болып, 12 адам жарақат алған.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Тексеру-тергеу қорытындылары 2 жағдайды суицидке жатқызса, 5 оқиғада зардап шеккендердің ішімдік ішкенін, ал қалғандары адамдардың жолдан өту ережелерін өрескел бұзу салдарынан болғанын анықтаған. Теміржолшылар оқис оқиғалар саны көктем мен күзде артатынын, әсіресе, жастар мен балалардың қауіпсіздігі ерекше алаңдатып отырғанын атап өтті. Кейбіреулер асығыстық танытып, жол ережесін бұзу арқылы пойыздың астына түсіп қалып жатса, жастар жағы құлаққаппен музыка әуеніне елтіп, келе жатқан пойыздың шуын да, локомотивтің дабылын да естімей қайғылы жағдайға тап болады. Енді бірі теміржолда селфи жасауға әуестеніп, суретке түсудің қызығына түсіп кетеді. Вагонның үстіне шығып жоғары вольтты токқа түсіп мерт болған жасөспірім аз емес. Мәселен, 2021 жылы темір жолдың электрлендірілген учаскелерінде 14 адам токқа түссе, олардың 9-ы



кәмелетке толмағандар, 6 жағдай өліммен аяқталған. Ал биылғы 4 айда компания бойынша 1 электр тоғы соғу жарақаты тіркелген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да пойыздар қозғалысы қарқынды 18 учаске анықталып, олар адамдардың жарақаттану жағдайлары жиі тіркелетін нүктелер болып отыр. Бұл Шымкент, Алматы, Ақтөбе, Семей, Жамбыл, Қарағанды өңірлерінің станциялары мен аралықтары», – деген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті

директорының орынбасары Ниязбек Жаңабаев, арнайы нұсқауға сәйкес бұл қауіпті учаскелерде машинистер пойыз жылдамдығын азайта отырып, барынша сақтықпен өтетінін де атап өтті. Алайда, пойыздың тежеу қашықтығы, тіпті баяу жылдамдықпен жүргеннің өзінде 800-1000 метрді құрайтындықтан, көп жағдайда қайғылы оқиғалардың алдын алу мүмкін еместігін де жасырмады.

Жалғасы 2 бетте
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ВОСТРЕБОВАННЫЙ СЕРВИС



АО «KTZ Express» присоединилось к мультимодальному проекту «Евразийский агроэкспресс».

В рамках Евразийского экономического форума в Бишкеке состоялось подписание меморандума между дирекцией проекта «Евразийский агроэкспресс» – АНО «Евразийская агрологистика» и казахстанским АО «KTZ Express».

– Подписание документов еще раз подчеркивает интерес бизнеса стран Евразийского экономического союза к реализации проекта «Евразийский агроэкспресс», который уже перешел в практическую стадию. Увеличение числа участников, несомненно, будет способствовать росту объема поставок сельхозпродукции, что позволит железнодорожным операторам сформировать регулярные перевозки по спецтарифу, – отметил министр по торговле Евразийской экономической комиссии Андрей Слепнев.

Церемония прошла в рамках открытия бизнес-диалога торгового блока ЕЭК, посвященного перспективным рынкам и возможностям экспорта продукции ЕАЭС.

Инициатива по реализации совместного проекта государств – членов Евразийского экономического союза по осуществлению ускоренных железнодорожных и мультимодальных перевозок сельскохозяйственной продукции и продовольствия «Евразийский агроэкспресс» поддержана в феврале 2022 года.

Совместный проект предназначен для формирования регулярных отправок указанных товаров во внутрисоюзном сообщении и по двум экспортным маршрутам на первом этапе в КНР и Республику Узбекистан с возможностью дальнейшего расширения на другие страны. Первые успешные перевозки с Узбекистаном уже были реализованы в этом году.

Кроме казахстанской компании были подписаны меморандумы о сотрудничестве с российским национальным союзом производителей молока и российским национальным союзом птицеводов, а также меморандум о стратегическом партнерстве и сотрудничестве с национальной компанией «Кыргыз темир жолу», осуществляющей перевозки по железным дорогам Кыргызстана.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ



ОБУЧЕНИЕ



Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Участниками мероприятия, которое прошло в научно-технической библиотеке ҚТЖ, стали работники структурных подразделений и дочерних организаций компании, дислоцированных в столице.

– Тренинг проводится с целью активизации и развития технического творчества среди работников компании, а также повышения их заинтересованности в результатах своего труда, – отметил,

приветствуя коллег, главный менеджер Технического центра – внутренний тренер АО «НК «ҚТЖ» Азамат Мангитаев. Во время обучения железнодорожникам наглядно продемонстрировали, как составлять документацию на рационализаторское предложение, находить ошибки при оформлении, рассказали о ключевых изменениях и дополнениях в рационализаторской деятельности ҚТЖ.

Тренинг включал в себя два модуля: «Активизация рационализаторской

деятельности и развитие технического творчества работников компании и дочерних организаций» и «Моральное и материальное стимулирование». Каждый из них подразумевал не только теоретическую часть, но и практические задания для закрепления материала с конкретными примерами из повседневной практики, опрос и обмен мнениями. Так, были затронуты вопросы отбора, внедрения и тиражирования наиболее перспективных проектов, трансформации идей в Startup-проекты, организации и проведения конкурса «Үздік рационализатор», смотров, выставок конференций, обобщения и распространения опыта работы по вопросам рационализации и обеспечения правовой защиты технического творчества.

ВОКЗАЛҒА ЛИФТ ОРНАТЫЛАДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау темір жол вокзалына екі лифт орнатылмақ. Бұл туралы Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышев мәлімдеді.



Бұған дейін мүгедектер үшін вокзалда лифтінің жоқтығы қиындық тудыратыны жергілікті тұрғындар тарапынан талай айтылып, үнемі сынға алынып келген болатын. Вокзалдың екінші қабатына және туннель арқылы 2, 3-ші жолдарға өту тіптен қиын. Мүгедектік арбасына таңылғандар үшін бұл нағыз азап еді.

Сондықтан бұл мәселе күн тәртібінен түспесе де қаржы қарастырылмаған, жоспарға енгбеген деген сынды түрлі сылтаумен осы кезге дейін шешімін таппай келді.

Міне енді осы олқылықтың орны толтырылып, бөлімше бұл мәселені шешуге құлық танытып отыр. Лифтінің бірі вокзалдың бас ғимаратына екінші қабат арқылы 1-ші жолға шығу үшін, ал екіншісі туннель арқылы өтетін жердегі қосалқы жолдарға шығу үшін орнатылмақшы. Мүгедек жаңдармен қатар қарт кісілерге де бұл үлкен жеңілдік әкелетіні сөзсіз.

Атырау темір жол вокзалы 1972 жылы бой көтеріп, 500 орынға лайықтап салынған болатын. Одан бергі 50 жылда ішкі-сыртқы миграцияның ұлғаюына байланысты жолаушылар саны да артып, бүгінде тәулігіне 3-3,5 мыңға дейін барады. «Елу жылда ел жаңа» демекші, кезінде болмаған жаңа технологиялар бүгінде сұранысқа ие болып, вокзал қайта жабдықталып, жаңартылуда.

Суретті түсірген автор

МАЗАСЫЗ МАУСЫМ

Қуан ЕРТІС,
Семей



Желі бойындағы қауіпсіздікті сақтауда ел шығысындағы теміржолшылар үшін тағы бір мазасыз маусым басталды. Балалардың жазғы каникулға шығуымен олардың қауіпсіздігі алаңдатады.



Осыған орай, аймақтағы теміржол көктей өтетін Үшбик, Аягөз, Шар, Жаңғызтөбе, Суықбұлақ, Қапанбұлақ, Жарма, Семей сынды іргелі станцияларда қауіпсіздік шаралары жылдағы қалыптасқан дағдыға сай күшейтіле түседі.

Жергілікті локомотившілердің айтуынша, биылғы ахуал біршама алаңдатып тұр. Мәселен, жыл басынан бері аймақта 29 шұғыл тәуір орын алыпты. Өкінішке орай, оның 9-ында пойыз адам қағып кеткен.

– Сараптама барысы көрсеткендей, балалар жиі ұшырайтын желі бойындағы жазатайым оқиғалардың басым бөлігі жазғы каникул кезінде орын алады екен. Зардап шеккендердің көпшілігі – мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі балалар. Теміржол бойындағы оқыс оқиғалардың жиі орын алатын жері – белгіленбеген жерлерден кесіп өту, – дейді ТЧЭ-24 мекемесінің бас инженері Дархан Қажығұлов.

Қазіргі таңда жергілікті локомотившілер қауымы оқыс оқиғалардың алдын алу және қауіп-қатерден сақтандыру мақсатында жоспарлы жұмыстарды бастап кетті. Бұл ретте «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС-ның Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінен келген арнайы нұсқаулықтар аясында жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, осы шаралар аясында түсіндіру, ақпараттандыру, рейдтік тексерулер жүргізу сынды жұмыстар да жанданып жатыр.

Суретті түсірген автор

ТЕХНИКАЛЫҚ САБАҚ – ТАЛҚЫЛАУ АЛАҢЫ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Станцияда жоспарлы жұмыстар техникалық дәрістер аясында сарапталып, өткен кезең үшін қорытынды жасаудың тың тәсілдері қалыптасқан. Мұндай техникалық дәрістерді Шар станциясының бастығы, қозғалыс саласының білікті маманы Бейімбет Байсаринов өзі де өткізеді. Қасаң жиын емес, еркін пікірталасу алаңына айналдыруға тырысатын мұндай шаралар барысында пойыз құрастырушылары, станция кезекшілері, диспетчерлер жұмыс процесін оңтайландыру жөнінде ой қосып, түйінді мәселенің шешімін табуға тырысады. Мұндай техникалық сабақтар әсіресе жас мамандар үшін нағыз тәжірибе мектебі.

– Мәселен, биыл осы кезеңге дейін Шар станциясына 3129 пойыз келді. Өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда бұл екі есеге дейін көп. Міне, осыған байланысты станцияда күрделі мәселелер де туындайды. Ондайда бөлімше басшыларын орынсыз мазалап жатпай-ақ, өз күшімізбен шешуге тырысамыз. Атап айтсақ, станция басында тастанды пойыздардың қалыптасуына жол бермей, транзиттік пойыздар ағынын кедергісіз өткізу бойынша нақты шешімді өзіміз қабылдаймыз. Осындай ортақ талқылау алаңында мәселенің оң шешімін табамыз, – дейді станция басшысы Бейімбет Бейбітұлы.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шар станциясында жұмыс қашан да қауырт. Әйтсе де, жергілікті теміржолшылар үшін кәсіби машықтанып, білім жетілдіруге және өндірістегі кейбір мәселелерді талқылап, ортақ шешімін табу үшін уақыт табылады.



Расында, «кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, мұндай техникалық дәрістер барысында ағымдағы қалыптасқан жағдай жөнінде нақты ақпарат беріліп, алда орын алуы мүмкін күрмеулі мәселелер қатары қарастырылып, оның шешімін табу үшін атқарылуы тиіс шаралар сарапталады екен. Жетістік те жоқ емес. Мәселен, осы аралықтағы кезеңге дейін станцияға келген 140705 вагонды жинау мен кестеге сай жөнелтуде ешқандай іркіліс туындамаған.

Сол секілді станция басындағы өңделетін пойыздарға жұмсалатын уақытты үнемдеу бойынша да тың тәсілге қол жеткізілген. Нәтижесінде дер кезінде құрастырылған 735 пойыз өз уақытынан кешіктірілмей

жолға шығарылған. Өткен жылы мұндай пойыздардың саны 695 болған екен. Яғни, техникалық дәрістер барысында талқылау нәтижесі жоқ емес. Демек, тиімді тәжірибе.

– Үш бағытқа қызмет көрсететін Шар станциясында жоспардан тыс жұмыстар да орын алып жатады. Әсіресе, қозғалыс жиілігі күрт артып кететін Өскемен-Алматы бағыты бойынша кей сәттерде шұғыл шешім қабылдау қажеттігі туындап жатады. Міне, техникалық дәрістер барысында осындай сындарлы сәтте ұтымды жұмыс жүргізудің де жай-жапсарына кеңінен қанығамыз, – дейді бұл орайда пікір білдірген Шар станциясының теміржолшылары.

Суретті түсірген автор

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ҚАЙТАЛАНА БЕРЕ МЕ?

(Соңы. Басы 1 бетте)

Халықты теміржолдан өту ережесімен таныстыру үздіксіз жүргізіліп келеді. Теміржолшылар билыдың өзінде 63 мыңнан аса азаматты қамтитын 2,3 мыңнан астам жиын өткізген. Оқу орындарында балалармен, жасөспірімдермен, студенттермен де түсіндіру жұмыстары, қауіпсіздік дәрістері жиі ұйымдастырылады. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп 1 мыңнан астам рейд жүргізілсе, 12 ірі вокзалда темір жол арқылы өту ережелері бойынша профилактикалық бейнероликтер көрсетілуде. Жыл сайын «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-да ЦД, ҚР ИИДМ және басқа да мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен «дөңгелек үстелдер» өткізіліп тұрады.

«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры Бақытбек Алдажаров компанияның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне темір жолда белгіленбеген жерден өту мен темір жол



жолағында мал жаю және өзге де бұзушылықтар үшін айыппұлды ұлғайтуға байланысты өзгерістер енгізуге бастамашы болғанын атап өтті.

Теміржолшылар адамдар жиі жүретін жерлерде теміржолдың қауіптілігі туралы ескертетін баннерлер орнатып, оларды үнемі жаңартып отырады. Биыл 305 таңба жаңартылған. Сонымен қатар, ҚТЖ күшімен жаю

жүргіншілер үшін жер төсемі салынуда. Соңғы төрт жылда 64 станцияда жарықтандырумен, қауіпсіздік белгілерімен және теміржол арқылы қауіпсіз өту орнымен жабдықталған төсемдері бар жаяу жүргіншілер өткелдері орнатылған. Теміржолшылар станциялар аумағында арнайы қоршаулар салудан да кенде емес. Алайда ол қоршаулардың зақымдалуы

мен ұрлануы, әсіресе Шымкент және Алматы өңірлерінде белең алып отыр. Әкімдіктермен бірлесіп жаяу жүргіншілер өткелдері мен жол өтпелерінің құрылысы жүргізілуде. Бірақ азаматтар көбінесе белгіленген өткелдерді пайдаланбай, өз өмірлері мен денсаулығын қауіпке тігіп, пойыз жолдарын өздеріне ыңғайлы тұстан кесіп өтуді әдетке айналдырған.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС атқарушы директоры Иван Костыря, мәселені шешудің бір жолы темір жолдағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін азаматтарға жаза қолдануды қатандату және профилактикалық жұмыстарды әлі де күшейте түсу екенін айтады. Атап айтқанда, теміржолды ойын алаңына айналдырып, әлеуметтік желілер мен селфи үшін экстремалды түсірілімдер ұйымдастыратын балалардың ата-аналарын жауапқа тартып, талапты күшейту ұсынылды.

Сұлутұл БАКЕСОВА
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ



Жолаушылар ағыны көп теміржол қызметінде аса қауіпті жұқпалы індетке қарсы іс-шаралардың маңыздылығы да айрықша.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Бубонды оба – қауіпті індет. Осы инфекцияны жұқтырған науқас жолаушылар пойызында келе жатыр». Шалқар станциясында өткен оқу-жаттығу шарасы осындай сценарий бойынша басталды. Теміржол бойындағы санитарлық қызмет шұғыл жағдайда қауіпті індетпен күреске қаншалықты дайын екендерін көрсетті.

Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы Шалқар станциясының аса қауіпті карантиндік инфекциялық аурудың энзотиялық аумағы болуын ескере отырып, шұғыл әрекетке көшті. Оған барлық теміржол мекемелері қатыстырылды.

Басты мақсат – аса қауіпті індет тіркелген кезде мүдделі органдар мен ұйымдардың өзара

қарым-қатынасы мен санитарлық эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру және жүргізуді үйлестіру. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бөліміне кезекшіден №6913 «Шалқар-Тассай» қаламаңы пойызында аса қауіпті карантиндік инфекциялық ауруға күдікті науқас келе жатқандығы туралы ақпарат келіп түскеннен бастап барлық құрылым дайындық сапына келтірілді.

Шұғыл хабарлау сызбасы негізінде аса қауіпті және карантинді жұқпалы ауруына күдікті жағдайы анықталғаны жөнінде барлық қатысты құзырлы мекемелерге ақпарат берілді.



«Ең бірінші мақсат – қауіпті індетке қарсы дайындық қалай, соны анықтап алу керек болды. Жұмыс оба, тырысқақ, тағы басқа карантинді, аса қауіпті

жұқпалы аурулар бойынша профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырудың кешенді жоспарына сәйкес жүргізілді. Науқасқа кеңес беру, оқшаулау, эпидемиологиялық және дезинфекциялық топта-

рымен эпидемиялық індетке қарсы іс-шаралар шынайы ұйымдастырылды», – дейді АБКСЭББ Шалқар ст. СЭБжҚ бөлімінің басшысы С.Игитсинова.

Сценарийге сай оқу-жаттығу барысында Шалқар станциясына қарасты теміржол тұйығында «Бубонды оба» белгілері бар науқасқа имитация жүргізілді. Шара барлық құзырлы органдардың дайындығын пысықтаумен қатар өзара тәжірибе алмасудың да мүмкіндігі болды. Оқу-жаттығу талапқа сай өтіп, оған қатысқан құрылымдар дайындығы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Суретті түсірген автор

Инфраструктура

ЗАДАЧИ ВЫПОЛНЕННЫ

Для строительства второго главного пути на перегоне разъезд №19 – Достык, а также дополнительных приемо-отправочных путей с удлинением существующих и открытия нового разъезда №20 было выделено 72-часовое технологическое окно.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

С 12 по 14 мая специалистами Алматинского отделения магистральной сети проделана колоссальная работа. Каждая служба, подразделение выполняли поставленные задачи. Станция Жаланаашколь, разъезд №19 были переданы на резервное управление, прием/отправление поездов, маневровые передвижения производились согласно ТРА станции и временной инструкции.

На разъезде №19 по путевым устройствам произведен демонтаж стрелочного перевода №1, срезка балласта силами ТОО «Интегра», произведена укладка рельсошпальной

решетки на место демонтированного стрелочного перевода, балластировка и выправка, рихтовка третьего пути выполнялись силами Достыкской дистанции пути ПЧМ Акадыр. По устройствам СЦБ: произведен демонтаж электроприводов с гарнитурами на стрелках №1 и №3, демонтаж входных сигналов, выходных светофоров, замена путевых ящиков, электроприводов на стрелках. В целях повышения качества путевой инфраструктуры для выправки пути был применен комплекс путевых машин «Дуомат», ДГС, ПБР, для выправки стрелочных переводов – машина «Унимат», для укладки рельсошпальной решетки – платформы УСО (14 единиц) и кран.

Кроме того, проведен перенос старого поста ЭЦ на новый пост ЭЦ МПЦ, включены стрелки, светофоры, сельсовые цепи станции и перегонные устройства АЛСО-Е с увязкой с УКСПС, включена автоматическая переездовая сигнализация перегонного переезда в электрическую централизацию.

Определенная работа была проведена на новом разъезде №20. На существующем втором главном четном пути произведены демонтаж рельсошпальной решетки, срезка балласта, укладка стрелочных переводов, засыпка щебня, балластировка, выправка и рихтовка. Силами ТОО «БТ Сигнал», Актогайской дистанции сигнализации и связи проведены пуско-наладочные работы напольных устройств СЦБ связи с включением стрелок светофоров сельсовых цепей станции и перегонных устройств АЛСО-Е на новый пост ЭЦ МПЦ.

Специалистами Уштобинской дистанции электроснабжения в период технологического окна обеспечена бесперебойная работа устройств электроснабжения.

Более того, локомотивные бригады и бригады ССПС проинструктированы об особой бдительности при следовании по разъезду №19, новому разъезду №20 перегона Достык – Жаланаашколь – разъезд-19 – станция Достык. Обеспечено перепрограммирование электронных карт АЛС в соответствии с новыми ординатами вновь введенных устройств на всех локомотивах и ССПС

По вновь уложенному пути на перегоне разъезд №19 – Достык завершены работы по укладке плетей бесстыкового пути длиной до 800 метров с последующей сваркой в длинномерную плеть до перегона.

Как отметил директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексембиев, на этой ветке сделан важный шаг на пути развития дороги – ключевой задачи национальной компании «Казакстан темір жолы».

Фото автора

СОСТАВЛЯЮЩИЕ УСПЕХА



В Карагандинской дистанции сигнализации и связи введена в эксплуатацию АСК ПС. Система предназначена для организации централизованного контроля технического состояния подвижного состава и информационного обеспечения оперативных работников железной дороги.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам главного инженера Калкабая Жексенова, на предприятии также внедрены автоматизированные рабочие места ведения технической документации (АРМ-ВТД), направленные на повышение эффективности на дорожном и дистанционном уровнях управления хозяйством сигнализации, централизации и блокировки за счет использования компьютерных технологий ее получения, хранения и переработки.

– Основными пользователями АРМ-ВТД, как правило, являются инженеры групп ТД дистанций, службы и дорожных лабораторий, руководители ПЧ, руководители служб сигнализации, централизации и блокировки, – подчеркнул он.

В дистанции сигнализации и связи ведется реконструкция участков – строительство кабельных линий ПСГО вместо воздушных. Так, электрической централизацией стрелок и сигналов ЭЦ-2

оборудованы четные горловины станций Караганда-Сортировочная, Майкудук, Новодубовка, Большая Михайловка, Караганда-Пассажирская, Карабас и других.

Эксплуатационная работа в дистанции является непрерывной. Это обслуживание устройств СЦБ и связи, капитальный ремонт, наладка, устранение повреждений в любую погоду и многое другое.

С 2015 года на участках дистанции установлены и введены в эксплуатацию электроприводы Р-80 итальянской фирмы Alstom, которые обеспечивают работу без обслуживания сроком на 20 лет. Конструкция электропривода создана на основе самодиагностирования.

На сегодняшний день в домах связи на станциях Анар, Караганда-Сортировочная, Караганда, Жанааул, Ащысу и в усилительных пунктах размещены высококачественная и избирательная аппаратура связи.

Всего дистанция насчитывает 714 километров магистральных и 291



воздушную линии связи, поездной радиосвязью КВ оборудовано 635,1 километра. Пассажирские локомотивы оснащены системами «КЛ/Б-У» и радиостанциями РВ 1.1М. На станциях Караганда-Сортировочная, Караганда, Жанааул установлены регистраторы переговоров системы «Гранит-К», восемь станций оборудованы устройствами КТСМ.

ПРОДЕМОНСТРИРОВАЛИ ГОТОВНОСТЬ

В Костанайском регионе прошли тренировочные учения по отработке действий при регистрации случаев особо опасных и карантинных инфекций на железнодорожном транспорте.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Организаторы – специалисты РГУ «Костанайское отделение государственного управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте». В этом году ими в ходе учений выявлялась особо опасная инфекция в пассажирском поезде №44 сообщением Алматы – Костанай.

Как сообщила руководитель РГУ «Костанайское отделение государственного управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте» Елена Климова, по легенде учений, в управление поступило донесение от фельдшера медицинского пункта станции Костанай о следовании гражданина М. в вагоне №1 пассажирского поезда №44 сообщением Алматы – Костанай с жалобами на сильный озноб, резкое повышение температуры, головную боль, чувство разбитости, мышечные боли.

При опросе было установлено, что накануне отъезда он помогал в разделке туши верблюда. В тот же день выехал из города Тараза на проходящем поезде №377 сообщением Мангистау – Алматы до Алматы с пересадкой на поезд №44 сообщением Алматы – Костанай.

Каким может быть предварительный диагноз? Фоликулярная ангина? Чума?

Проводники и сотрудники СЭС на железнодорожном транспорте грамотно провели все необходимые противоэпидемические мероприятия.

– Цель и задачи этих учений – отработка функциональных обязанностей железнодорожных служб, участвующих в ликвидации ЧС. Все службы справились с поставленными перед ними задачами и четко взаимодействовали между собой в условном очаге особо опасной инфекции, – отметила Елена Климова.

ПОСТАВИТЬ ЗАСЛОН ИНФЕКЦИИ



На станции Оскемен-1 прошли совместные тренировочные учения специалистов Защитинского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля (ЗОУ СЭК) на транспорте, железнодорожников и представителей ЛОП.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

По информации руководителя отдела санитарно-эпидемиологического контроля и надзора Защитинского отделенческого управления СЭК на транспорте Сауле Ботабаевой, в учениях также задействовали дезинфекторов филиала Национального центра экспертизы, работников ТОО «Solux экспресс», занимающегося пригородными перевозками в Восточном Казахстане, представителей Семейского отделения грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети, филиала ТОО «ВЖД», Защитинской железнодорожной больницы.

– Эти учения необходимы, чтобы отработать вопросы взаимодействия всех структур, как слаженно действовать при обнаружении серьезных инфекций, недопустить их распространения, сохранить жизни людей, – говорит начальник станции Оскемен-1 Марат Уалиев.

По легенде, все началось с того, что проводник купейного вагона пассажирского пригородного поезда сообщением Алтай – Оскемен-1 обратил внимание на жалобы пассажира. У того начались недомогание, слабость, головная боль, озноб. Проводник немедленно проинформировал об этом начальника поезда. Затем ограничил движение пассажиров по вагону, закрыл двери, запретив посадку и высадку людей в вагон до особого распоряжения и раздал всем, кто в нем ехал, одноразовые СИЗ.

Начальник поезда через машиниста локомотива сообщил поездному диспетчеру Семейского отделения магистральной сети о наличии в поезде больного с подозрением на коронавирусную инфекцию. Получив экстренное сообщение, диспетчер железнодорожного вокзала станции Оскемен-1 сообщил об этом начальнику вокзала Елене Ларионовой, а та – специалистам ЗОУ СЭК на транспорте и действовала по схеме оповещения.



Санитарную зону оградил яркой лентой, организовали передачу информации по радиорубке.

Когда поезд прибыл на станцию Оскемен-1, доступа в вагон с больным не разрешили никому, кроме медицинских работников и специалистов санитарно-эпидемиологической службы на транспорте в специальных защитных костюмах.

– Эпидгруппа провела опрос членов поездной бригады, получила от проводника списки пассажиров, – рассказала Сауле Ботабаева. – Больного отравили в инфекционный стационар. После определения границы эпидемиологического очага специалисты провели заключительную дезинфекцию.

Это значит, что коварному заболеванию не дали никакого шанса.

Фото Сауле БОТАБАЕВОЙ



ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ОПЛАТЫ ТРУДА

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



В АО «НК «КТЖ» под председательством руководителя аппарата КТЖ Серика Кеулимажаева и при поддержке фонда «Самрук-Қазына» в рамках обмена опытом и обсуждения вопросов в области оплаты труда состоялась первая встреча HR Time KTZ на тему «Региональные коэффициенты».

На мероприятие были приглашены эксперты и руководители, курирующие вопросы HR из портфельных компаний фонда «Самрук-Қазына» и КТЖ.

Эксперты поделились опытом своих компаний по региональным коэффициентам и обсудили ряд вопросов, которые требуют совершенствования и системного решения.

По итогам встречи даны рекомендации и принято решение проводить их на постоянной основе.

В ближайшее время КТЖ планирует провести аналогичное мероприятие с представителями уполномоченных органов для решения ряда вопросов, связанных с оплатой труда.

Фото автора

ПРОВЕРКА НА «ОТЛИЧНО»

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау



На предприятиях и станциях Акмолинского региона завершился весенний комиссионный осмотр. Основная задача заключалась в получении информации о состоянии путевого хозяйства и определения объема летних ремонтно-путевых работ.

Осмотр начался 18 апреля и завершился 4 мая текущего года, в состав комиссии вошли первые руководители Акмолинского отделения ГП, Акмолинского отделения магистральной сети и ревизоры департамента безопасности движения, а также причастные специалисты.

Особое внимание было уделено созданию благоприятных условий труда для работников предприятий. Отмечено, что на сегодняшний день работники отделений обеспечены спецодеждой, спецообувью, средствами индивидуальной защиты на 100%.

– Обращено внимание на санитарную очистку территорий, выполнение работ по покраске локомотивов к летним перевозкам, приведение в эстетический вид зданий и сооружений. При этом в текущем году запланировано проведение текущего ремонта административного здания оборотного локомотивного депо на станции Атбасар, подвод водоснабжения на посты ЭЦ по станциям Васильковка, Өндіріс, – говорит директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенев.

На местах руководителями линейных предприятий разработан план-график по уборке закреплённых участков, полос отвода на перегонах. В целом в отделении проделана значительная работа по подготовке хозяйств к летним перевозкам.

В целях подготовки и повышения квалификации в отделении ГП запланировано обучение вновь назначенных руководителей станций и инженерно-технических работников. Для этого составлена трехдневная программа, в которой примут участие начальники отделов и ведущие инженеры отделения.

В ходе осмотра благодарственными письмами за хорошую подготовку и работу отмечены некоторые руководители предприятий и инженерно-технические работники станций.

Мерейтой

ЕҢБЕК АРДАГЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы мен ардагерлер кеңесінің өкілдері теміржол саласында 35 жыл тер төккен еңбек ардагері Алтынкүл Тұрғанбаеваны 80 жастық мерейтойымен құттықтады.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Өзін арнайы іздеп келіп, мерейтойымен құттықтаған әріптес іні-сіңділеріне риза болған Алтынкүл әже «Менің жасыма жетіндер!» деп батасын берді. Откен күндерден сыр шерткен ардагер станцияда бағыттамашы болып бастап, кезекші жанындағы оператор, орталықтандырылған қосынның операторы болып жү-

мыс істеген жылдары барлығын қолмен атқарғандарын айтып, «бәрін техника жасайтын бүгінгі теміржолшылардың жұмысы рахат қой шіркін» деп тамсанды. – Біздің кезімізде теміржолда жұмыс істеу оңай болмады. Кеңес дәуірі кезінде МПС деген болды, ол Мәскеуден басқарып отырды. 1960 жылдан бастап

зейнетке шыққанға дейін Қызылорда станциясында жұмыс істедім. Станциядағы 12 жолдың бойы вагонсыз бос тұрмайтын. Одан кейін салынған 4 жолдың да куәгері болдым. Бір тәулікте станциядан өтетін 60 шақты пойыздың құжаттарын журналға жазып отырамыз. Стрелкада бағыттама болатын, кілт салып сигналды ашу үшін әр постқа 12-14 шамды жағып қоямыз, ол құлап немесе сөніп қалмау керек. Міне, осындай жұмыстардың бәрін қолмен атқардық. Қазір технология дамыған заманда бәрі автоматтандырылған, кнопканы бассаң өздігінен жұмыс жасай беретін керемет заманда еңбек етіп жатқан жастар бақытты, – деді еңбек ардагері.

1975 жылы станцияның Құрмет тақтасына суреті ілінген Алтынкүл Тұрғанбаева үлгілі жұмысы үшін талай рет марапат пен бағалы сыйлыққа ие болған. Бүгінде 8 баладан тараған 30-40 немере-шөберенің ортасында қамсыз қарттық күндерін өткізіп отырған бақытты әже.

Суретті түсірген автор

КАПЛЯ КРОВИ СПАСЕТ ЖИЗНЬ



Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

С раннего утра у передвижного пункта переливания крови было многолюдно. У потенциальных доноров определяли уровень гемоглобина. Если показания соответствовали норме, человек допускался к процедуре забора крови.

Медицинские работники благодарят всех доноров, принявших участие в двухдневной акции. В числе участников – и много раз сдававшие кровь, и доноры, решившиеся на такое значимое и доброе дело впервые. Всего в акции приняли участие 80 человек.

– Кровь никогда не переливается на всякий случай. Так что сегодняшние доноры уже завтра спасут чью-то жизнь. Это самое доброе и светлое, что есть в нашем мире, – признается терапевт Бақытжамал Қолдасова.

Слово «донор» произошло от латинского donare – «дарить», делать это безвозмездно. Ведущий инженер-технолог департамента технической политики ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Елена Гаргарица сдает кровь не первый год. Девушка считает, что донорство – это шанс для больных на выздоровление.

– Каждый год сдаю кровь. Участие в подобном мероприятии принимаю впервые. Когда нужна



помощь, всегда с готовностью откликаюсь. Это моя жизненная позиция. Люди должны помогать друг другу. Это качество делает каждого из нас сильным, – отмечает она.

Медицинские работники напоминают, что донорство крови – важный и доступный многим вид благотворительности. Благодаря донорской крови медики ежедневно спасают жизни тысяч казахстанцев. Для того чтобы стать донором не обязательно ждать проведения подобных акций, можно напрямую обратиться в столичный Научно-производственный центр трансфузиологии – ведущую организацию в службе крови Казахстана.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ДОСТЫҚ ЖЕҢДІ



Шалқар станциясында теміржолшылар арасында шағын футболдан жарыс өтті. Шара Қазақстан теміржолының 25 жылдығы мен «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығына арналды.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Теміржолшылар қалашығы атанған Шалқар станциясындағы спорттық додаға бекеттегі барлық теміржол мекемелері қатысты. Шара әріптестердің көңіл күйін көтеріп, ұжымдық рухты нығайтуға бағытталған игілікті іс болды. Теңбіл дол куу бәйгесінде кәсіби спортшылардай өнер көрсеткен теміржолшылардың бес командасы жарыс жолына сайланып шығып, жасыл алаңда жолшылар мен әскерилендірген күзет қызметі командалары сауатты да әдемі ойын өрнегімен жанкүйерлерін риза қылды. Белгі беру-байланыс дистанциясының жігіттері де олардан қалысқан жоқ.

– Таза ауа, ашық алаңда өткен жарыс шалқарлықтардың көңілін көтеріп, ойынға қатысқандар да, оны тамашалауға келген жанкүйерлер де көп болды. Ойын талаптары сақталып, шара жоғары деңгейде өтті. Ереже бұзу әрекеттері болған жоқ, – деді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Бір-біріне есе жібермей тайталасқан командалар арасынан әріне жүлделі орынға шыққан жеңімпаздар болды, кәсіподақ тарапынан оларға лайықты сый-сияпат жасалды. Ерекше көзге түскен ойыншылар бөлек марапатталып, барлық қатысушыларға алғыс айтылды. Өз кезегінде демалыс күні сергектік пен серпін сыйлаған осындай спорттық шара ұйымдастырған кәсіподақ басшылығына алғыс білдірген ойыншылар «достық жеңді» деп риза болып тарасты.

Суретті түсірген автор

Қауіпсіздік

ҚАТЕР АЯҚ АСТЫНДА...

Күнделікті өндірістік жұмыстарымен қатар жол бойының тұрғындарын теміржолдың қауіп-қатерінен сақтандыру – бүгінде барлық аймақ теміржолшылары үшін қосымша жұмысқа айналғалы қашан...

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Тіпті қосымша жұмыс емес, кәсіби міндетке айналған десек болғандай. Кез келген адамның теміржол бойында бейберекет жүруі қауіпті екендігі баршаға түсінікті болғанмен бейсауыт жандардың өз өмірлерін қатерге тігуі тыйылар емес. Оқу жылының соңғы күндері құрамында Қызылорда станциясының бас инженері Сағымжан Есмаханов, Әскерилендірілген



теміржол күзетінің шұғыл әрекет ету тобы басшысының орынбасары Жандос Тарманов және ЖПБ ӘПБ құқық бұзушылықтың алдын алу тобының инспекторы, полиция лейтенанты Берік Аққалиев бар топ станция маңындағы №6 мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Ертең каникулга шығатын балаларды аса қауіпті аймақ – теміржолда абай болуға шақырды.

ОБЪЕДИНЯТ УСИЛИЯ

Накануне школьных каникул работники Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) провели в школе железнодорожного микрорайона «Защита» в Оскемене встречу с ее руководством, учениками и представителями линейного отдела полиции на станции Оскемен-1. Она посвящалась правилам нахождения в зоне повышенной опасности.



Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Встречу открыл начальник сектора производственной безопасности и экологии ТЧЭ-22 Даулет Библов, который напомнил, что железная дорога – это удобный и востребованный вид транспорта, но есть много опасностей для человека.

– Ежегодно под колесами железнодорожного транспорта получают тяжелые травмы десятки детей и подростков. Немало случаев травматизма со смертельным исходом,

– отметил он. – Поэтому, находясь вблизи путей, нужно быть предельно бдительным самому и внимательно к окружающим, соблюдать строгие правила поведения. От этого порой зависит не только здоровье, но и жизнь. О правилах поведения с детьми и взрослыми говорили и заместитель начальника ТЧЭ-22 по производству Дидар Бурбаев, и старший машинист-инструктор локомотивных бригад Кайрат Батыргожин. Присутствующим показали видеоматериалы, мультфильм и слайды на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности». Во встрече приняли участие 52 школьника.

Было принято решение, что руководство школы, железнодорожники, ЛОП на станции Оскемен-1 в тесном сотрудничестве объединят усилия в работе по сокращению рисков на железнодорожных путях.

Фото Аяулым МАРАТҚЫЗЫ

«Тоқтаңыз! Басып кету қауіп бар» акциясы аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіп-қатердің аяқ астында екенін түрлі мысалдармен көрсетті. Әсіресе, құлаққап кигендер келіп қалған пойыз даусын естімей опық жейтіндері айтылды. Түн мезгілінде бейсауыт жүрмеу керектігі, кез келген бұзақылық, зансыз әрекет үшін өздері немесе ата-аналары қылмыстық

ЗОНА ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ

На станции Павлодар железнодорожники, сотрудники линейного отдела полиции и отдела образования города провели для учащихся профилактическую беседу по безопасности нахождения вблизи железной дороги.



Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Для школьников настали долгожданные летние каникулы, а для правоохранительных органов и сотрудников стальной магистрали горячая пора. Именно в это время увеличивается количество случаев, когда на вокзалах, станционных путях появляются дети. Игры на территории железной дороги часто заканчивается трагедией. Напомним, две недели назад 18-летняя девушка в попытках сделать селфи на крыше поезда попала под ток. Она чудом осталась жива,

немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін екені ескертілді. Қауіпсіздік жадынамасы мен ескерту парақтары таратылды.

– Акция аясында мектептер мен қоғамдық орындарда аралап, тұрғындарға қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтауды ескертіп, бала-шағаның вагон терезелеріне тас атып әйнегін сындыру секілді бұзақылықтар үшін қандай жауапкершілікке тартылатынын да айтып жатырмыз. Мұндай жұмыстарға құқық қорғау өкілдерінің қатыстырылуы маңызды, өйткені жанымызда полиция өкілі болмаған жағдайда адамдар ескертуімізді елең етпейтін болды. Жалпы қауіпсіздік акцияларының бәрі теміржол бойында адам өміріне төнетін қауіптің алдын алу, адамдар өмірін сақтауға бағытталған, дей тұрғанмен, сол адамдар өз өмірлеріне неміқрайлы жауапсыз қарайтыны өкінішті, – деді станцияның бас инженері Сағымжан Есмаханов.

Суретті түсірген автор

но предстоит долгая реабилитация. Профилактическая беседа была проведена для учеников 5 и 9 классов СОШ №2.

– Сегодня есть такой тренд – зацепинг, то есть экстремальные поездки

на крышах, поручнях, подножках поездов. Это опасное увлечение. На станции Павлодар таких случаев не зарегистрировано. Железнодорожникам по этому поводу проводятся рейды, – говорит заместитель руководителя станции Павлодар Нұрсұлтан Екпентаев.

Родители просят не допускать детей к железной дороге.

– Нужно проводить разъяснительные беседы. Следить за их досугом, особенно во время летних каникул, – добавил начальник отдела административной полиции ЛОП Ернар Маманов.

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.